Әділет

# "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің дербес құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі № 4071 өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 206 өкімі

*Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында жариялануға тиіс*

«Қазақстан Республикасы Президентінің жанындагы Шетелдік инвесторлар кеңесінің дербес құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі № 4071 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., № 52, 507-құжат; 2001 ж., № 23, 283-құжат; 2006 ж., № 50, 530-құжат; 2008 ж., № 20, 182-құжат; № 30, 292-құжат; № 48, 543-құжат; 2009 ж., № 27-28, 234-құжат; № 29, 249-құжат; 2010, № 40, 355-құжат; 2011 ж., № 37, 445-құжат; 2012 ж., № 31, 404-құжат, № 54, 719-құжат, № 77-78, 1131-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындагы Шетелдік инвесторлар кеңесінің дербес құрамына мыналар енгізілсін:

| | |
|---|---|
| доктор Джейкоб Френкель | - «Джей Пи Морган Чейс Интернейшл» директорлар кеңесінің төрағасы, «Джей Пи Морган Чейс энд Ко.» басқарма мүшесі және «Джей Пи Морган» халықаралық кеңесінің мүшесі, |
| Крис Финлейсон | - «Бй Джи Групп» компаниясының бас атқарушы директоры, |
| Мирослав Зелинский | - «Филип Моррис Интернэшнл, Инк.» компаниясының бас басқарушы тұлғасының орынбасары, |
| сэр Сума Чакрабарти | - Еуропаның Қайта құру және Даму Банкінің президенті, |
| Хаиров Ерлан Қартайұлы | - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Инвестиция комитетінің төрағасы; |

көрсетілген Кеңестің құрамынан П.Ф. Гуаргалини, К. Дидрихс, Дж. К. Зарира, А. Калантзопулос, Т. Миров, А.Ж. Серіков, К.С. Фаузи, Ф. Чапмэн шығарылсын.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК